

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы N 833 және 2000 жылғы 31 шілдедегі N 1164 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 мамыр N 563

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы N 833 P000833_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж. , N 25 , 291 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес

жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламада:

"Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету" бөлімінде:

бірінші абзацтағы "2000 жылы - ІЖӨ-нің (ішкі жалпы өнімнің) 0,8%, 2001 жылы ІЖӨ-нің 1%," деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзац алынып тасталсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" бөлімінде:

Қазақстан Республикасындағы халықтың саны, еңбек ресурстары және жұмыссыздықты азайту туралы 2001-2002 жылдарға арналған мәліметтер (мың адам) кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

мың адам

Көрсеткіштер ! 2000 жыл ! 2001 жыл ! 2002 жыл

Халықтың саны	14869,1	14847,8	14848,5
Еңбек ресурстары, барлығы	8530,5	8534,3	8540,8
Экономикалық белсенді халық	7106,5	7100,7	7118,9
Экономикада еңбек ететіндер	6200,1	6295,2	6416,4
Жұмыссыздар	906,4	805,5	702,6

жетінші абзацтағы "239,4" деген сан "295,1" деген санмен ауыстырылсын;
сегізінші абзацтағы "48,2" деген сан "52,8" деген санмен ауыстырылсын;
тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

"Кедейлікпен күрес" деген 1-бөлімнің "Әлеуметтік саясат" деген 1.2-бөлімшесінде:

екінші абзацта 1) тармақшадағы "алатын кірісіне қарай алушылардың жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері бойынша" деген сөздер "алушылардың жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асыру бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауды уәкілетті орган тиісті

бюджетте атаулы көмек көрсету үшін көзделген сома шегінде жүзеге асыратын болады";

"Кедейлік шегі және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" деген 1.5. бөлімшеде:

төртінші абзацтағы "азаматтар жиындарының, ардагерлер (ақсақалдар) кеңестерінің ұсынымдары" деген сөздер "учаскелік комиссиялардың атаулы әлеуметтік көмек беру қажеттігі туралы қорытындылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтың екінші сөйлемі алынып тасталсын;

"Жұмыссыздықпен күрес - кедейлікті жоюдың негізгі шарты" деген 2-бөлімдегі "Жұмыссыздық деңгейін бағалау" деген 2.1-бөлімшеде:

оныншы абзац мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) шетелдік жұмыс күшін отандық еңбек рыногына жасырын әкелуді болдырмау;

2-2) еңбек қатынастарын заңдастыру жөнінде шаралар қабылдау";

он бірінші абзацтағы аймақтар шегінде жұмыссыздықтың болжамды деңгейі туралы мәліметтер кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

Облыстар	! Жұмыссыздық деңгейі (%)		
	! 2000 жыл	! 2001 жыл	! 2002 жыл
Ақмола	12,7	10,9	9,4
Ақтөбе	13,3	13	12,6
Алматы	13	11,9	10,9
Атырау	15,5	14,4	11,8

Шығыс Қазақстан	8,2	8	7,8
Жамбыл	14,3	13,3	11,3
Батыс Қазақстан	7,8	7,2	5,8
Қарағанды	12,7	10	9,4
Қызылорда	14,5	12,7	11,4
Қостанай	13,1	12,1	10,6
Маңғыстау	13,7	11,9	9,2
Павлодар	13,8	11,4	9,5
Солтүстік Қазақстан	12,8	12,5	9,9
Оңтүстік Қазақстан	14,3	12	9,6
Алматы қаласы	12,5	10,3	7,9
Астана қаласы	14,3	12,6	11
Ел бойынша	12,8	11,3	9,9

"Тамақ өнеркәсібі" деген 2.2.3. бөлімшеде:
үшінші абзацтағы "7,2" деген сан "7,336" деген санмен ауыстырылсын;
"2001 жылы - 2 мың" деген сөздер "2001 жылы - 2,136 мың" деген
сөздермен ауыстырылсын;

"Көмір өнеркәсібі" деген 2.2.4. бөлімшеде:
екінші абзацтағы "1000" деген сан "1283" деген санмен ауыстырылсын;
"2001 жылы - 200" деген сөздер "2001 жылы - 483" деген сөздермен
ауыстырылсын;

"Тау-кен металлургия өнеркәсібі" деген 2.2.6. бөлімшенің екінші
абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Салада "ССКӨБ" (ССГПО) ААҚ-да, "Қазақмыс корпорациясы" ААҚ-да, "Қазмырыш" ААҚ-да және басқаларда өндірісті арттыру көзделген. "Қазақмыс корпорациясы" ААҚ-да мырыш зауытының құрылысы басталып та кетті, ол 2003 жылдың басында пайдалануға беріледі. 2002 жылы Шалқия және Юбилейный кеніштеріндегі жұмыстар жаңғыртылады.";

"Химия өнеркәсібі" деген 2.2.7. бөлімшенің екінші абзацындағы "кең ауқымды өндірісін", "сондай-ақ сұйық хлор, сода, формалин, бес күкіртті фосфор және өзге де өнімдер" деген сөздер алынып тасталсын;

"Ауыл шаруашылығы" деген 2.3. бөлімшенің бірінші абзацында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жер учаскелерін кепілге беру және жерді пайдалану құқықтары

мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу;"

б) тармақша "несие, ең алдымен" деген сөздердің алдынан "ауылдық несие серіктестігін құру және кепілдік құралы ретінде "астықпен қолхат беру" институтын енгізу жолымен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі шаралар" деген 4-бөлімде:

сегізінші абзацтағы жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға өтінішпен келетін жұмыссыз азаматтардың болжамды саны кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

Облыстар	Жұмыссыз адамдар саны		
	! 2000 жыл	! 2001 жыл	! 2002 жыл
Ақмола	52500	45000	38800
Ақтөбе	43500	42400	41200
Алматы	86400	77800	71000
Атырау	32400	30200	25100
Шығыс Қазақстан	61400	59200	57700
Жамбыл	61700	58100	49200
Батыс Қазақстан	23000	21400	17300
Қарағанды	90500	71000	66500
Қызылорда	37200	33500	30200
Қостанай	64500	58400	50800
Маңғыстау	21000	18700	14700
Павлодар	57000	47000	38700
Солтүстік Қазақстан	45200	44700	35000
Оңтүстік Қазақстан	118600	99700	80900
Алматы қаласы	89100	79500	70600
Астана қаласы	22500	18900	14900
Ел бойынша	906400	805500	702600

оныншы абзацтағы жұмысқа орналастырылатын жұмыссыздардың болжамды саны кестесінде:

"Ақтөбе" деген жолдағы "8100" және "8000" деген сандар тиісінше "8500" деген сандармен ауыстырылсын;

"Алматы" деген жолдағы "6853" және "6029" деген сандар "9000" және "11000" деген сандармен ауыстырылсын;

"Атырау" деген жолдағы "2200" деген сан "2300" деген санмен ауыстырылсын;

"Шығыс Қазақстан" деген жолдағы "10000" деген сан "13100" деген санмен ауыстырылсын;

"Батыс Қазақстан" деген жолдағы "5076" және "4677" деген сандар тиісінше "5500" және "5000" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қарағанды" деген жолдағы "18000" деген сан "25000" деген санмен ауыстырылсын ;

"Қостанай" деген жолдағы "7600" және "7200" деген сандар тиісінше "8100" және "8000" деген сандармен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "344,5" деген сан "364,7" деген санмен ауыстырылсын;
он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2000-2002 жылдары мақсатты топтар бойынша 82 мың адам жұмысқа орналастырылатын болады. Олардың ішінде: аз қамтылған адамдар; 21 жасқа дейінгі жастар; 23 жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-анасының қарауынсыз қалған балалар; кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеуші жалғызілікті, көп балалы ата-аналар; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үнемі күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдарды асырап отырған азаматтар; зейнеткер жасына таяп қалған адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалғанда); мүгедектер; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босатылған адамдар; бас бостандығынан айыру орындарынан және (немесе) мәжбүрлі емдеуден босатылған адамдар; репатрианттар (оралмандар).";

он бесінші абзацтағы кәсіби оқыту жөніндегі деректер кестесінде:

"Ақмола" деген жолдағы "511" деген сан "590" деген санмен ауыстырылсын;

"Ақтөбе" деген жолдағы "500" және "600" деген сандар тиісінше "580" және "800" деген сандармен ауыстырылсын;

"Алматы" деген жолдағы "650" және "750" деген сандар тиісінше "3400" және "3500" деген сандармен ауыстырылсын;

"Атырау" деген жолдағы "650" және "700" деген сандар тиісінше "790" және "750" деген сандармен ауыстырылсын;

"Шығыс Қазақстан" деген жолдағы "2000" және "1900" деген сандар тиісінше "2100" және "2720" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қостанай" деген жолдағы "200" және "230" деген сандар тиісінше "300" және "350" деген сандармен ауыстырылсын;

"Маңғыстау" деген жолдағы "70" және "100" деген сандар тиісінше "400" деген сандармен ауыстырылсын;

"Солтүстік Қазақстан" деген жолдағы "1782" және "1842" деген сандар тиісінше "187" және "194" деген сандармен ауыстырылсын;

он алтыншы абзацтағы "48,2" деген сан "52,8" деген санмен ауыстырылсын;
он сегізінші абзацтағы жұмыс орындарын құру туралы деректер кестесінде:
"Ақмола" деген жолдағы "14300" және "16100" деген сандар тиісінше "7700" және "4896" деген сандармен ауыстырылсын;
"Алматы" деген жолдағы "2988" және "2532" деген сандар тиісінше "6000" және "7448" деген сандармен ауыстырылсын;
"Атырау" деген жолдағы "1580" және "1770" деген сандар тиісінше "4300" және "4380" деген сандармен ауыстырылсын;
"Шығыс Қазақстан" деген жолдағы "16334" және "17965" деген сандар тиісінше "18467" және "18000" деген сандармен ауыстырылсын;
"Павлодар" деген жолдағы "18200" және "20500" деген сандар тиісінше "7600" және "9000" деген сандармен ауыстырылсын;
"Солтүстік Қазақстан" деген жолдағы "2504" және "2567" деген сандар тиісінше "15052" және "12806" деген сандармен ауыстырылсын;
"Астана қаласы" деген жолдағы "4050" және "5050" деген санмен ауыстырылсын;
"Қоғамдық жұмыстар" деген 7-бөлімде:
екінші абзацтағы "239,4" деген сан "295,1" деген санмен ауыстырылсын;
үшінші абзацтағы аймақтар шегінде қоғамдық жұмыстарға жіберілетін адамдар саны туралы болжамды деректер кестесінде:
"Ақтөбе" деген жолдағы "3500" және "4000" деген сандар "8000" деген сандармен ауыстырылсын;
"Алматы" деген жолдағы "1060" деген сан "1080" деген сандар "8000" және "9000" деген сандармен ауыстырылсын;
"Атырау" деген жолдағы "1700" және "1800" деген сандар тиісінше "4700" және "4000" деген сандармен ауыстырылсын;
"Шығыс Қазақстан" деген жолдағы "9250" және "9700" деген сандар тиісінше "14000" және "11100" деген сандармен ауыстырылсын;
"Батыс Қазақстан" деген жолдағы "3462" және "3506" деген сандар тиісінше "4023" және "4500" деген сандармен ауыстырылсын;
"Қарағанды" деген жолдағы "13138" және "14824" деген сандар тиісінше "18450" және "18400" деген сандармен ауыстырылсын;
"Қостанай" деген жолдағы "3702" және "4474" деген сандар тиісінше "6200" және "4500" деген сандармен ауыстырылсын;
"Маңғыстау" деген жолдағы "2001 жыл" және "2002 жыл" бағандарындағы "1700" деген сандар тиісінше "5300" және "5500" деген сандармен ауыстырылсын;
"Павлодар" деген жолдағы "8750" және "9500" деген сандар тиісінше "9600" және "10000" деген сандармен ауыстырылсын;
"Солтүстік Қазақстан" деген жолдағы "6011" және "5991" деген сандар тиісінше "5600" және "5600" деген сандармен ауыстырылсын;

"Бағдарламаның орындалуын құқықтық қамтамасыз ету" деген 8-бөлімде: бесінші, он бірінші, он екінші, он бесінші абзацтар алынып тасталсын;

Бағдарлама мынадай мазмұндағы 9-бөліммен толықтырылсын:

"9. "Бағдарламаның орындалуын ақпараттық қамтамасыз ету

Бағдарламаны ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында:

халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бос жұмыс орындары туралы т ұ р а қ т ы х а б а р д а р е т у ;

жұмысқа орналастыру, еңбек және жұмыспен қамту туралы заңнама мәселелері жөнінде азаматтармен консультациялар жүргізу;

еңбек рыногындағы ахуал, жұмысқа орналастыру, қайта оқыту және кәсіптік бағдар беру, жұмыссыздардың біліктілігін арттыру мүмкіндігі туралы ақпараттық-анықтамалық және статистикалық материалдардың сапасын және оған халықтың қол жетімділігін арттыру;

Бағдарламаның іске асырылу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау; кедейлік және жұмыссыздық проблемалары жөнінде теледидар мен радиохабарларда сөз сөйлеулер ұйымдастыру, баспасөз конференцияларын өткізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.";

2) "Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002

жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 1164

P001164_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 31, 395-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарында:

"Шағын бизнес және кәсіпкерлік" деген 2.4-бөлімде реттік нөмірі 17-жолдағы "Іс-шаралар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"17 Қолданылып Үкіметке есеп СІМ ИК Тоқсан сайын
жүрген
келісім-шарттар
бойынша облыстар
бөлінісінде
қосымша жұмыс

орындарын және
экономикалық
қызмет түрлерін
құру туралы ".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.